



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Әлемдік ұлы конвергенция
(жақындасу)





Дәрістің мақсаты: әлемдік ұлы конвергенцияға (жақындасу) жол ашқан Афроеуразия мен Америка құрылығының ашуылуын сипаттау және оның алғышарттарын, алғашқы еуропалық экспедициялар және олардың нәтижелеріне тоқталу.

Кілт сөздер: Afroeurasia, Атлантика, ерте жаңа заман кезеңі, ғаламдық ұлы конвергенция, климаттық өзгерістер, Азия, Америка, еуропалықтар, Португалия мен Испанияның экспансиясы, Гибралтар бұғазы, мұхиттарды кесіп өту, Үнді мен атлант мұхиттары.

Қазіргі уақытта біздің отандық тарихнамада кеңестік және ресейлік кезеңдік бөліністі басшылыққа алып, «жаңа заман» түсінігі XVII ғасырдан бастап қарастырылып жүр. Бірақ бұл көзқарас уақыт өте келе отандық ғалымдар арасында да дау тудырып, «жаңа заман» кезеңі одан да ертеректеу бастау туралы пікірлер айтылуда. Сондықтан сол дәстүрді жалғастырып, біз де бүгінгі дәрісімізде батыстық тарихнамадағы «ерте жаңа заман кезеңіне» тереңірек тоқталамыз. Себебі тарих та бір орында тұрмайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «тарихты жаңаша көзқарас» тұрғысынан қарастыру міндетін назарға ала отырып, біз де Сіздермен дүниежүзі тарихын жаңа методологиялық көзқарас тұрғысынан қайта қарастыруымыз қажет. Абай атамыз «Шығысым Батыс болып кетті» деп айтқандай, тарихты жазғанда да батыстық ғылымының да тиімді, қажетті тұстарын өзімізге алуымыз керек.

Алдарыңызға ұсынылып отырған «Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығы аса қызықты. Авторлар «ерте жаңа заман кезеңі» деп 1450–1750 жылдар аралығындағы маңызды уақыт аралығын атайды. Еңбекте атап өтілгендей, 1450 жылы адами қоғамда өзгерістер барынша жылдам бола бастады. Әлем құрлығының халықтары әлемдік конвергенцияға, яғни жақындасуға бет бұрды.

Адамзат қоғамында б.з. 1450 жылынан бастап өзгерістер басталды. Бірнеше рет қайталанған індеттер экономикалық және саяси қиындықтар туғызған ғасыр есебінде есте қалды. Афроеуразия территориясының басым бөлігінде аймақтық экономика дамып, халық саны қайта өсті. Солтүстік және Оңтүстік Америкада жүгеріге негізделген шаруашылық түрі жаңа аймақтарға таралып, халық санының өсіміне, әлеуметтік инновацияға, үлкен мемлекет-құрушы жоспарларды дамытуға ынталандырды. Жалпы, адамзат әлеуметтік-кешендік бағытта біркелкі, үдемелі жылдамдықпен қозғалып келе жатты.

«Ерте жаңа заман кезеңінде» шын мәнісінде біз білетін қазіргі әлем пайда болды. Оған дейінгі кезеңдерде өркениеттер бөлек, параллельдік шынайылықта бір-бірін білмей өмір сүрді. XV ғасырдан бастап бұл параллельдік әлемдер бір-бірімен байланысқа түсіп, өзара жақындасу басталды. Бұл кітапта бірнеше рет қайталанатын конвергенция дегеніміз – осы жақындасу. Бұл конвергенция процесі 12 мың жылдан кейінгі үзілістен кейін адамдардың бір құрлықтан екінші құрлыққа жылжуына, қоныстануына әкелді. Бұл өзгерістердің «Жаңа әлем» деп аталған Батыс жартышарының мәдениеттері және өркениеттері үшін қайғылы нәтижелері болды. Мысалы, Атлант және Тынық мұхитына жолдардың ашылуы құрлықтардағы адам топтары мен әртүрлі халықтардың арасындағы қарым-қатынастардың күрделенуіне әкелді.

Әлемдік конвергенцияның ерекшелігін кешенді түрде сипаттамас бұрын, Сіздерді алдымен авторлардың ұсынған ерте жаңа заманға тән негізгі әлемдік тенденцияларына тоқталайық.

1. Бұл уақыт тарихта «Ұлы мұз қатуы» (XIII–XVIII ғасыр аралығы) деп аталатын бірқалыпты салқындаумен сипатталды. Күннің сууы Солтүстік жартышардағы ауа райының өзгеруіне әкелді. Кейбір аймақтарда қысқа жыл мезгілдері болса, кейбірінде жауындар, су тасқындары мен құрғақшылықтар орын алды. Климаттық өзгерістер адамзат баласының әлеуметтік, экономикалық және саяси қалыптасуына елеулі түрде әсер етті.

Климатологтар күллі кезең «Кіші мұз дәуірі» (XIII–XVIII ғғ.) деп атаған температура ауытқу циклында орналасқанын айтады. Осы циклдық төмендеу барысында бір жылдан екінші жылға және бір маусымнан екінші маусымға қарай температура ауытқып отырды. Бұл солтүстік жартышарда ауа райын болжауға мүмкіндік бермейтін бейберекет өзгерістерге алып келді. Тарихшылар аштықты, халықтардың қоныс аударуы мен саяси дағдарыстарды аталған цикл тудырған тұрақсыз жағдайлармен байланыстырады.



2. Әлемдік конвергенция нәтижесінде Афроеуразиядағы инфекциялық аурулар Америкадағы халықтардың шығынына әкелді. Афроеуразия халықтарымен салыстырғанда Америка құрлығында мекендейтін адамдар мұндай ауруларға дайын болмай, оған төтеп бере алмады. XVII ғасырда кең таралған үнділік қоғамдар арасындағы эпидемиялар Еуропадан келген қоныстанушылардың бұл аймақтарды отарлауына ықпал етті.

3. Трансмұхиттық жолдардың ашылуы адамдардың ғана емес, осы уақытқа дейін кездеспеген жануарлар мен өсімдіктердің де алмасуына әкелді. «Колумбтық алмасу» деп аталған бұл құбылыс елеулі түрде әлемнің экологиялық және экономикалық жағдайларына әсер етіп, Афроеуразия мен Америка халықтары арасында ауылшаруашылық және малшаруашылықпен алмасуына мүмкіндік берді.

4. Ұлы әлемдік конвергенция XVIII ғасырдың соңында Австралия мен Океанияны қосқанда барлық аймақтарды өзара байланыстырды. Әлемді бір экономикалық жүйеге біріктірген жаңа сауда жолдары пайда болып, дами бастады.

5. Осы уақытта Азияның халқы тығыз қоныстанған аймақтары әлемнің бай сауда және тауар орталығы болып қала берді. Ал Афроеуразиялық алмасу жүйесінде орныққан Батыс Еуропа XVI ғасырдан бастап негізгі әлемдік сауда орталықтарының біріне айналды. XVI ғасырға дейін Афроеуразиядағы сауда жүйесінің бір шетінде қалған Батыс Еуропа кенеттен теңіз сауда жолдарының тоғысқан нүктесіне айналды. Бұл жаңа мүмкіндік алып келген орасан зор байлық – ауылшаруашылығына, өндіріске және қалааралық саудаға инвестиция салуды ынталандырды.

6. Жаңа заман кезеңі – атыс қаруларын пайдаланудың шарықтау шегі болған кезең. Батыс геосаясаттанушысы Карл фон Клаузевиц атап өткендей, «Соғыс – бұл саясатты басқа әдіс-тәсілдермен жалғастырудың жолы». Сондықтан қару-жараққа қатысты жаңа технологиялар мен әскери тактикалар соғыс мазмұнының өзгеруіне әкелді. Соғыс пен оны қамтамасыз ететін қару-жарақтар, әскерге бөлінетін қаржы айрықша өсті. Бұл өз кезегінде биліктің соғысты жүргізуге мүмкіндігі бар орталықтанған кіші мемлекеттердің қолына шоғырлануына әкелді.

7. Отарлық империялардың қалыптасуы және әлемдік экономиканың дамуы кең көлемді деңгейдегі миграцияның артуына ықпал етті. 1500–1750 жылдар аралығында ең үлкен халықтардың жылжуы шамамен 3,6 миллион африкандықтардың Америкаға миграциясы болды.

8. Жаңа теңіз жолдары, үлкен отарлық империялар мен миграция осы уақытқа дейін бейтаныс болған Ислам мен христиандық сияқты негізгі дәстүрлі діндердің таралуына әсер етті. Сонымен бірге Еуропаның білімді ойшылдары арасында жаңа ғылыми парадигма қалыптасты. Ол ежелгі философиялық және діни жазбаларға ғана емес, құбылысты жүйелі түрде бақылау мен анализ әдісіне сүйенді.

Қорытындыласақ, авторлар атап өткендей, «ешкім ол уақытта бұл 300 жыл аграрлық кезеңнің соңғы кезеңін сипаттайды деп ойламады». Техникалық жетістіктер – әлдейқада мықты кемелер, ауылшаруашылығын жүргізудің жаңа әдістері және атыс қаруларының ойлап табылуы энергияны үлкен көлемде пайдалануға ықпал етті.

Мұхиттарды кесіп өту, әлемдердің байланысуы

Осылайша, біз қарастыратын ерте жаңа заман кезеңінде әлем біртұтас жүйеге айнала бастады. Бұл трансформацияның негізі салыстырмалы түрде қысқа уақытта, атап айтқанда XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында қаланды. Осы уақытта еуропалықтар, әсіресе, испандық пен португалдық теңізшілер – Америка жағалауларына жетіп, Африка құрлығын басып өтіп, Азияға теңіз жолымен жетеді. Басқа құрлықтарды тануға және оған сапар шегуге қызығушылық XIV ғасырдан-ақ пайда бола бастады. Мәселен, XIV ғасырдың белгісіз мұсылман географы аль-Умаридың айтуынша, осы ғасырдың басында Мали атты Батыс Африкалық империяның кемелері Атлант мұхитын ашуға шықты. Малидың королі Манса Мұхаммад мұхитты кесіп өтуге болатынына сенімді еді. Кейіннен ол өзі жетекшілік етіп, келесі одан да үлкен экспедицияны ұйымдастырды. Бұл экспедиция ұзақ жолға аттанып, кейіннен ол туралы ешқандай хабар болмаған.



Неміс картографы Себастьян Мюнстер 1532 жылы жасаған картада дүниежүзі географиясы туралы жаңа, алайда, әлі де толықпаған білім жинақталған.

Географ, XIV ғасырда өмір сүрген белгілі мұсылман зерттеушісі әл-Умаридің айтуынша, Батыс Африкадағы Мали империясы сол ғасыр басында Атлант мұхитын зерттеу үшін кеме флотын жіберген екен. Әл-Умари келтірген деректе, Мали патшасы Манса Мұхаммед мұхитты кесіп өтуге болатынына сенген. «Ол дүниенің келесі бұрышына жеткісі келді және осы ойын жүзеге асыру үшін барын салды. 200 кеме жасап, ішін ер адамға толтырып, бірнеше жылға жететін ас-су, алтын және өзге де керек-жарақпен қамтамасыз етті». Бөренелерден жонылған бұл қайықтар жіңішке болғанымен, ондаған ескекшіні сыйдыра алатындай көлемді еді. Әл-Умари: «Патша кеме басшыларына «Мұхитты кесіп өтпейінше немесе кемедегі азық қоры таусылғанша қайта оралмаңдар» деген бұйырық берді», – дейді. Кемелер теңіз сапарына аттанады. Арада ұзақ уақыт өткен соң, өзге кемелердің барлығын алапат тасқын алып кетті деген хабармен жалғыз кеме ғана жағалауға оралады. Кейінірек Манса Мұхаммед өзі бас болып, бұдан да үлкен экспедициямен сапарға шығады. Бұл екінші флот алысқа саяхат жасауға тәуекел жасағанымен, олардың кейінгі тағдыры жайлы ешкім ештеңе естімеді.

Батыс африкалықтар, солтүстік африкалықтар және еуропалықтар – Атлантиканың шығыс бөлігінің тұрғындары XIV ғасырға дейін-ақ мұхиттық теңіздерді байланыстыратын қайықтарды қалай жасау қажеттілігін үйренді. Осы мысалдардың өзі әлем құрлықтары мемлекеттерінің ғаламдық конвергенция, яғни өзара жақындасу процесіне бет бұрғандығын көрсетеді.

XV ғасыр соңы мен XVI ғасыр басында Атлант, Тынық және Үнді мұхиттарын кесіп өткен Еуропа теңізшілері алғашында экономикалық мақсатты емес, сауда жасау, қарақшылықпен айналысу және мол олжаға кенелу мүмкіндігін көздеді. Өзгерістердің саяси және экономикалық аспектілерін ескерсек, бұл теңізшілер өздері де аңғармай дүниежүзілік ұлы конвергенцияны қашан және қалай бастағанын түсінбей де қалған болар. Бұл мәселені ғаламдық контексте қарастыру қажет. Мұнда біз екі географиялық ауқымдағы дамуды қарастырамыз. Біріншісі – ұзақ қашықтықты қамтитын айырбас жүйесі қалыптасқан, шамамен 1450 жылдай тарихы бар Афроеуразия. Екіншісі – Атлантика аймағы. 1450 жылдары Атлантикамен бетпе-бет келген Еуропа қоғамы, Африканың тропиктік және Америка қоғамдары туралы мүлдем бейхабар болса, еуропалықтар мен африкалықтардың да бір-бірі туралы білімдері өте шектеулі еді. Даму тарихы бар қоғамдар бұл кезеңдегі қақтығыстардың өзгерістеріне дайын емес еді.

Сіздердің ойларыңызша, XV ғасырда әлемдік конвергенцияның басталуының алғышарттары қандай болды? «Географиялық ашулар кезеңі» деп аталған XV ғасырдың басында Афроеуразия мен Америка құрлықтарында қандай маңызды өзгерістер орын алды?

1450 жылдың қарсаңында экономикалық өндіріс, сауда, халық саны көптігі мен урбанизацияның басты орталығы Азияда шоғырланды. Ал Еуропа Афроеуразиялық конгломераттың перифериялық аймағын құрады. Ғалымдардың бағалауынша, «ескі әлемнің» 25 ең үлкен қалаларының 17-сі Азияға, 4-уі солтүстік Африкада немесе Еуропаның мұсылмандық бөлігіне, 4-уі христиандық Еуропаға тиесілі болды.

Керуендердің ішкі Еуразияның құрлықтық Жібек жолы маршруттарымен қозғалуы XV ғасырда белең алды, бірақ оған қарағанда теңіз арқылы кемелерде тасымалдау әлдейқайда басымырақ болды. Ең жүгі көп сауда жолдары Оңтүстік Қытай теңізі, Бенгал бұғазы мен Араб теңізін байланыстырды. Тасымалданатын тауарлар арасында жібек, дәмдеуіштер, есірткі, ағаштар, қымбат бағалы тастар және жұқа керамикалық ыдыстармен қатар, күн сайын пайдаланатын күріш, тұз, ағаш материалдар мен арзан тоқыма заттар да болды. Атап өтерлігі, оңтүстік теңіздердегі саудамен айналысатындардың арасында ер адамдар көбірек болды, бірақ азық-түлік өнеркәсібі, тоқыма өнеркәсіптің өнімділігі әйелдер мен қыздардың еңбегіне байланысты болды. XVI ғасырдың басында Индонезияның Малукка аралдарында тұрған Португалияның шенеунігі атап өткендей, «қызы көп болған сайын адам байи түседі».

Жаңа заманның басында афроеуразиялық әлем жаңа сауда жолдары мен мүмкіндіктерді іздеу жолында болды. Бұл әлемнің маңызды бөлігінде көшбасшылықты Қытай өз қолына алды. Қытай осы уақытта негізгі сауда жолдарының біріне айналды. 1433 жылы билік басындағы Мин империясының ірі теңіз экспедицияларын қаржыландыруды тоқтату туралы шешіміне қарамастан, XV ғасыр бойы қытайлық экономика теңіз саудасында басымдыққа ие болды. Осы уақытқа дейін Қытай үш онжылдық бойы Қызыл теңіз бен Шығыс Африка жағалауларына



дейін жеткен. Қытайлық саудагерлер мен қолөнершілер көбінесе Оңтүстік-шығыс Азиядағы шет қалаларға қоныс аударды. Сондай-ақ, Оңтүстік Қытай теңізін Бенгалия бұғазымен байланыстыратын Малакка бұғазына жүктерді тасымалдады.

Оңтүстік-Шығыс Азияда саудадағы белсенділікке Сингапурдың малайлық сұлтаны ие болды. Ол 1403 жылы өз елінен кетіп, Молукка бұғазында Малакка портын құрды. Кейіннен уақыт өте келе Малакка әртүрлі этникалық топтағы саудагерлердің, сан алуан тілдер, мәдениеттер, дәстүрлер мен асханалардың ортасына айналды. Осы аумақта 1512–1515 жылдары тұрған португалдық дәріханашы Том Пирестің айтуынша, «бұл қала әлемдегі сауда үшін ең ыңғайлы жасалынған қала болды... әртүрлі халықтар арасындағы сауда мен коммерция Малаккаға келуі тиіс».

XV ғасырдағы келесі сауда бойынша даму орталығы Гуджаратпен байланысты. Гуджарат – бұл Үндістанның солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан мұсылман мемлекеті. 1401 жылы Гуджараттың басшылары Дэлфи сұлтанатынан сәтті түрде бөлініп шықты. Осы уақыттан бастап аймақта сауда көркейді. Гуджараттың саудагерлері Араб теңізі мен Бенгал бұғазындағы сауда операцияларына белсенді түрде қатысты. XVI ғасырдың басында Гуджаратта болған Том Пирестің жазуынша, «Гуджараттықтар сауданы жақсы түсінетін адамдар... Олар саудада тиянақты, жылдам қимылдайтындар... Клерк немесе агент болғысы келетін адамдар Гуджаратқа келіп үйренуі керек, себебі сауда бизнесі бұл басқа іске кедергі жасамайтын ғылымның өзі».

Гуджараттық саудагерлер Оңтүстік Азияны Шығыс Африкамен және Парсы шығанағын Қызыл теңізбен байланыстыратын Араб теңізінің саудасын дамытуға ықпал етті. XVI ғасырдың басында Үнді мұхитына сапарға шыққан португалдық шенеунік Дуарте Барбоса өз еңбегінде Үндістаннан батысқа қарай тауарларды тасымалдаған мұсылмандық саудагерлер туралы жазды. Ол атап өткендей: «мұндай тасымалданған құнды тауарлар Каирге, Каирден Александрияға және одан кейін Венецияға, содан кейін өзіміздің еуропалық аймақтарға жетті».

Үнділіктердің бұрыш бойынша саудасы туралы иллюстрациясы Марко Полоның саяхаттары туралы «Әлем ғажайыптары кітабы» атты XV ғасырдағы еңбегінен алынған. Сіздің ойыңызша неліктен суретші осы иллюстрацияда әлемдік бұрыш саудасының үш кезеңі: өнімді жинау, нарыққа тасымалдау және сауда алмасуын бір уақытта көрсеткен?

Ал ерте жаңа заман кезеңінде еуропалықтардың әлемді ашуға деген ұмтылыс қандай болды? Әрине, Азияның XV ғасырдың басында негізгі сауда орталығы болғанын ескерсек, Батыс жартышары әлемі бұл процеске кештеу болса да бет бұруға кірісті. Ауқатты еуропалықтарға Батыс Африкадан алтын, Шығыс Азиядан жібек және Индонезиядан дәмдеуіштер, есірткі мен бояғыштар жеткізілді. Еуропадағы саудагерлер «арзанға сатып алып, қымбатқа өткізу» деген пайдалы қағиданы басшылыққа алды. Сәйкесінше, Батыстағы адамдар 1400 жылдары әр тауар үшін өз бағасынан бірнеше есе артық көлемде төледі. Мәселен, Англияда үнді бұрышы шамамен бір тонна үшін 200 фунт стерлинг тұрған, ал теңіз кемесін жасау 2 немесе 3 фунтты құрады. Сауда айналымында басымдық азиялықтарға тиесілі болды: еуропалық импортерлер азиялық тауарлар үшін алтын немесе күміс тиындармен, қымбат бағалы тастармен төлеуге міндетті еді. Осылайша сауда балансы еуропалықтар үшін пайда түсуі тұрғысынан тиімсіз болды.

1350 жылға дейін итальяндық және басқа да еуропалық саудагерлер Ирак, Иран, Үндістан және тіпті Қытайға дейін барып қайтты. Шығыс Азияға сапар шеккендердің қатарында венециялық Марко Поло (1254–1324) да болды. Азияның орталық пен батыс аймақтарындағы саяси өзгерістер Шығыспен еуропалықтардың саудасына қосымша кедергілерді тудырды. Ирандағы Ильхан және Алтын Орда мен Дешті-Қыпшақ империясы сияқты Моңғол империяларының құлдырауы саяси вакуумның пайда болуына әкелді. Бұл жағдайды османдық түріктер пайдаланып, 1453 жылы Константинопольді жаулап алды. Осы арқылы Еуропада бірнеше жыл үстемдік құрған Византия империясының күлі көкке ұшты. Осман империясы Азияға жол ашқан Генуя мен Венеция сияқты итальяндық республикалармен өшпенділік қарым-қатынастарда еді. Осындай саяси жағдайлардың барлығы еуропалықтарды агрессивтік әскери монархиялардың қолында билік шоғырланған Таяу Шығыстан басқа Атланттық жағалаудың бойынан жаңа альтернативтік жолдарды іздеуге кірісуіне ықпал етті.



XV ғасырда бір-бірімен тығыз орналасқан аграрлық халқы бар үш негізгі кластер Атлант мұхитымен шектесті. Бірінші кластер Британдық аралдардан оңтүстікке қарай Сахара шөлінің солтүстік жағалауына дейін созылып жатыр. Екінші кластер де шығыс атланттық аймақта орналасқан және оған тропикалық Батыс пен орталық Африка кіреді. Үшінші кластер – батыс Атлантиканың шетіндегі, Кариб теңізі мен Мехико бұғазының айналасындағы америкалық жерлерден тұрады. XV ғасырдың соңында осы үш аймақ өзара бірігуге ұмтыла бастады.

XIV–XV ғасырларда Атлантика Гибралтар бұғазы аумағында тұратын Еуропа мен Африканың монархтары, саудагерлері мен теңізде жүзушілер үшін тартымды болды. Ерте жаңа заман кезеңіне дейін Атлантика аумағы мемлекеттерін біріктіруге деген ұмтылыстардың болуы еуропалықтардың Атлантикаға жолды ашуына зор мүмкіндіктер туғызды. Ертеден ибериялық жартытүбек (қазіргі Португалия мен Испания) және батыс-солтүстік Африка (қазіргі Марокко мен Алжир) адамдардың өзара қарым-қатынастарының бір аймағын құрады. Себебі VIII ғасырдан-ақ Араб мұсылман әскері осы екі аймақты діни, мәдени және саяси салада біріктіру мақсатында Гибралтар бұғазын кесіп өтті.

XIII ғасырдың ортасында үш христиандық Кастилия, Арагон мен Португалия сияқты монархиялар Иберияның көп бөлігін мұсылмандық бақылаудан босатты. XIV ғасырда Гибралтар бұғазы аумағы біресе бейбітшілік, біресе соғыс жағдайында болды. Осы аймақтағы христиандық мемлекеттер, Гранада мұсылмандық корольдігі мен солтүстік Африкадағы үш мұсылмандық монархия өзара одақтарды құрып немесе бұзып отырған, жалпы алғанда олардың қарым-қатынастары тұрақсыздықпен сипатталғанын атап өту керек.

XIII ғасырдың аяғында Гибралтар бұғазы Жерорта теңізі әлемін шығыс Атлантикамен байланыстыратын сауда «өзені» болды. Бұл аймақты зерттеуге және жол ашуға итальяндық пен басқа да еуропалық адамдар өз қызығушылығын таныта бастады. Мәселен, 1291 жылы генуялық Вивальди деген бауырлар Африканың жанынан Үнді мұхитына дейін жол тапқанға дейін өздерінің кіші көлемді флоттық галереясын оңтүстікке қарай бастау туралы өршіл жоспарды ойластырды. Бірақ жоғарғы атлантикалық теңіздерге кішкентай итальяндық галереялардың төтеп бере алмауына байланысты Вивальдидің жоспары сәтсіз аяқталып, олар ұшты-күйлі жоғалып кетті. Басқа итальяндық теңіз саудагерлері оңтүстікке қарай қозғалып, Иберияның айналасын кесіп өтіп, Ағылшын каналы, солтүстік теңіз бен Балтық теңізіне дейін жүзіп өтті. Бұл жол әлдеқайда тиімді еді, себебі оңтүстіктен солтүстікке, Еуропаға дейінгі тікелей су транспортына жұмсалатын шығындар құрлық арқылы жүкті тасымалдауға қарағанда арзанырақ түседі.

Итальяндықтардан кейін Гибралтар бұғазына португалдықтар ерекше қызығушылық танытты. XIV–XV ғасырларда жас португалдық корольдік Атлантиканың жағалауында, оңтүстік-батысқа қарай, Атлантиканың жағасына бірнеше экспедицияларды ұйымдастырады. Испания мен Португалияның теңізшілері, кеме жасаушылары мен картографтары Атлантикаға шығатын маршруттарды, навигация әдістері сияқты мәселелерді талқылады. XIV ғасырдың бірінші жартысында ибериялықтар, итальяндықтар мен франк тілдес нормандықтар Мадейра мен Канар аралдарына барып, кіші көлемді қоныстарын құра бастады. Атлантикаға жасалынған сапарлар нәтижесінде португалдықтар 1331 жылы елсіз, адам тұрмаған Азор аралдарын, кейіннен бербер тілінде сөйлейтін халықпен қоныстанған Гуанчаними, Канар аралдарын ашады. Канар аралдары уақыт өте келе Батыс пен оңтүстік-шығысқа жол ашатын негізгі базаға айналды.

XV ғасырдың бірінші жартысында португалдық теңізшілер жаңа жетістіктерге жетті: 1444 жылы олардың кемелері Сахара шөлінен оңтүстікке қарай орналасқан Сенегал өзенінің жағасын ашты және 12 жылдан кейін баласы тұрмаған Кабо-Верде аралын ашты. Осылайша, XVI ғасырдың ортасындағы шығыстан оңтүстікке қарай бағыттаған теңізшілердің географиялық ашулары шығыс Атлантика және тропикалық Батыс Африканың солтүстік жағасына елеулі түрде жолды қысқартты.

Дегенмен бұл уақытта Гибралтар бұғазы жанындағы саяси көңіл күй әскери қарама-қайшылық жағдайында болды. Португалия шамамен 7 млн. Араб пен бербер тілдес мұсылман халқы бар Мароккоға шабуылын бастады. 1415 жылы Португалия Мароккодағы билеуші Маринид династиясының тұрақсыздығын пайдаланып, Гибралтар бұғазының африкалық бөлігіндегі Сеута портын жаулап алды. XV ғасырдың өн бойында португалдықтар басқа да Мароккодағы порттарды бағындырды.



Португалдықтар XV ғасырда жаңа жерлерді ашуды жалғастырды. Кастилия мен Арагон сияқты екі Ибериялық мемлекет маврлармен соғыста жаулап алынды. 1469 жылы Арагон патшасы Фердинанд II Кастилиялық ханшайым Изабеллаға үйленіп, испандық монархияның негізін қалайды. Кейіннен екеуі өз әскери күштерін біріктіріп, 1492 жылы Гранаданы басып алады. Бұл жеңіс Испанияның басқа да әскери жоспарларын жүзеге асыруға және осы мақсатта жаңа жерлерді ашуға мүмкіндік береді. Ол жоспарлардың біріншісі – батыс Жерорта теңізінде қауіп туғыза бастаған Оттоман империясына қарсы соғыс, екіншісі – шикізат өндіру мақсатында Атлант суларына экспансиясын жалғастыру болып табылады.

XV ғасырда Гибралтар бұғазымен қатар, Атлантикалық тропикалық Африка бөлігі де еуропалықтардың қызығушылығын туғызды. Оңтүстікке қарай өз жолын жалғастырған португалдықтар Атлантиканың африкалық жағалауында әртүрлі мәдениеттер және мемлекеттермен бетпе-бет келді. Бұл аймақта тұрақсыз қоғамдар мен кіші монархиялар болды. Осылардың ішінде Нигердің төменгі ағысында құрылған Бенин мемлекеті мен Гвинея бұғазындағы Конго мемлекеті аса ірілері болып табылады. Сауда және ауылшаруашылығы дамыған екі мемлекет те еуропалықтар санасуы қажет деңгейде еді.

Аймақта орман патшалықтары ішінде халқы ең көп Бенин, Нигер өзенінің төменгі ағысымен (қазіргі Нигерия) шегараласып жатты. Мұндағы монархия құрылыс пен өнерді мемлекет тарапынан қаржыландыруға жететіндей ресурсы болды. XV ғасырдағы Бенин билеушілерінің бірі немесе патшасы Юарей, массивті қабырғалар мен жарларды сарайын қорғау мақсатында салдырды. Аталған жоба мемлекеттің жоғары дәрежедегі шеберлігі және еңбекті жұмылдыра алуының дәлелі деуге болады. Археологтар адамдар мен жануарларды бейнелеп тұрған піл сүйегінен және жезден жасалған Бениндік мүсіндерді қайта қалпына келтірді.

Конго патшалары келесі жүз жылдары 250 мильге созылған жағалау мен экватордан оңтүстікке қарай орналасқан ормандарға енген территорияны басқарды. Ауылшаруашылығы, мыс пен темір өндірісі, сонымен қатар, Конгоның үлкен көлемдегі участкелерінде және оның бірнеше иеліктерінде сауда жүргізу – мемлекеттің экономикасын тұрақты етті.

Португалдық капитан Пачеро Перэйраның мәліметіне сәйкес: «Конго княздігінде ондағы халқы пальма жапырағынан кенеп мата дайындап, ол Италияда жасалынған басқа да мата секілді әдемі және барқыт сияқты өте жұмсақ болды».

Атлантиканың басқа жағалауында еуропалықтарға бейтаныс құрлық аймақтары да болды. Олардың келуіне дейін Солтүстік пен оңтүстік Америкада шамамен 50 млн тұрғын қоныстанған, яғни ол әлем халқының шамамен 15%-ын құрады. Американың байырғы тұрғындарының мәдениеті бір-бірінен ерекшеленді: олардың арасында Сіздер аңшылар мен терімшілерді де, керісінше еуропалықтарға бейтаныс жүгері мен картопты өсіретін дамыған ауылшаруашылық өркениеттері бар халықтарды кездестіреміз.

Бұл құрлықта Орталық Америкада (Мезоамерика) орналасқан Ацтектер мемлекеті және Оңтүстік Американың Андтық таулы жүйесіндегі үлкен аумақта орналасқан Инктер мемлекеті айрықша рөлге ие болды. XV ғасырда пайда болған Ацтектер мемлекеті үш мемлекеттің одағынан құрылды, Теночтитлан деген мемлекеті соның ішінде жетекші рөлге ие болды. Бұл мемлекетте еуропалықтармен байланыс орнатқанға дейінгі уақытта аумағында 25 млн халық қоныстанды. Ол сырттай тұрақты болып көрінгенімен, мемлекет ішінде этникалық және таптық сипаттағы қарама-қайшылықтар болып тұрды.

Ацтектерге берілетін алым-салық тізімі. XVI ғасырға тиесілі бұл құжатта Ацтек билеушілері бір қаладан алатын алым-салықтың мөлшері көрсетіліп тұрды.

Оңтүстік Америкадағы Анд тауларының жотасы мен оған параллель орналасқан жағалауға жақын шөлдерде Мезоамерикаға қарағанда урбанизация мен мемлекет құру процесі әлдеқайда ерте басталды. Қазіргі Оңтүстік Перу аумағындағы Куско алқабында ту тіккен Инк мемлекеті, шамамен 1438 жылы экспансиялық сипаттағы мемлекетке айналды.

Ацтектермен бір уақытта, Инктер мемлекеті де өз аумағын кеңейтуін бастайды. 100 жылда оның шегаралары солтүстігінде қазіргі Колумбияға, ал оңтүстігінде Патагонияға жетеді. Жергілікті княздер арқылы өз аймақтарын басқарып отырған Ацтектермен салыстырғанда, Инктер билеушіге бағынатын орталықтанған бюрократия немесе Ұлы инктерді құрды. Еуропалықтар келу уақытында Инктер империясы азаматтық соғыс жағдайында болды.



Қорытындыласақ, біріккен «Атлантикалық әлемді» құру қарсаңында Америкада осындай саяси күштердің арасалмағы қалыптасты. Ауылшаруашылық өндірісімен белсенді шұғылданған үш негізгі аумақ, яғни Батыс Еуропа, Гвиней шығанағы, Атлантиканың жағалауындағы Америка өңірлері ерекше динамикалық даму фазасында болды. Олардың XV ғасырдың аяғында бір-бірімен қатынасатынын болжау аса қиын болды.

Сұрақтар

1. Сіздердің ойыңызша авторлар неліктен ерте жаңа заман кезеңін 1450 жылдан бастап қарастыруды ұсынды?
2. Ерте жаңа заман кезеңіне қандай әлемдік тенденциялар тән болды?
3. Әлемдік ұлы конвергенция деген анықтаманы қалай түсіндіңіз?
4. Әлемдік конвергенцияға алғашқы ұшыраған Азияның ерте жаңа заман кезеңінің басында жағдайына сипаттама жасап жіберіңіз.
5. Оңтүстік пен солтүстік Америка құрлығы еуропалықтар келгенге дейін қандай жағдайда болды?

Әдебиеттер

1. Al-Umari, quoted in D. T. Niane, ed., *General History of Africa, Vol. 4: Africa from the Twelfth to the Sixteenth Century* (Paris: UNESCO, 1984), 664–665.
2. Tertius Chandler, *Four Thousand Years of Urban Growth: An Historical Census* (Lewiston, NY: St. David's University Press, 1987), 477.
3. Antonio Galvao, *A Treatise on the Moluccas*, quoted in Anthony Reid, *Southeast Asia in the Age of Commerce, 1450–1680* (New Haven, CT: Yale University Press, 1988), 146.
4. Tom Pires, *The Suma Oriental*, trans. Armando Cortesro, 2 vols. (London: Hakluyt Society, 1944), 2:286.
5. Tom Pires, *Suma Oriental*, 1:41–42.
6. Duarte Barbosa, *Livro* (London: Hakluyt Society, 1918–1921), 76–77.
7. Duarte Pacheco Pereira, *Esmeraldo de Situ Orbis*, trans. and ed. George H. T. Kimble (London: Hakluyt Society, 1937), 144.